



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ӘЛЕМДЕ ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАРДЫҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ****Ахметова Бибигуль Бахитбековна***[biba\\_a95@mail.ru](mailto:biba_a95@mail.ru)*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетов

Ландшафтты қорғаудың ең жоғарғы формасы – қорықтар ұйымдастыру болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекеленген елдерінде қорық ұйымдастыру ХІХ ғасырдың басқы кездерінен бастап жүзеге аса бастағанын көрсетеді. Қазіргі уақытта жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Бұрынғы Кеңес үкіметінің жағдайына тоқталсақ, КСРО, қазіргі ТМД елдері бойынша 141 мемлекеттік қорық, 2700 қорыққор, 12 ұлттық парк, бірнеше мың табиғат ескерткіштері болған. Әрине, шет елдермен салыстырғанда бұл өте аз екенін ұмытпауымыз қажет. Біздің Елімізде қазіргі таңда 12 мемлекеттік қорық, 66 қорықор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палеонтологиялық) 12 ұлттық парк (бақ) және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрқайсысы ерекше табиғат туындылары болып табылып, ерекшеленеді. Әрине біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3 пайызын қамтиды[1].

Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Мәселен Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, сонымен қатар Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатау, Қатонқарағай ұлттық парктарының құрылуы осының айғағы екенін аңғартады. Қазақстан жеріндегі экожүйелердің антропогендік өзгерістері байырғы табиғатты пайдалану үрдістері мен тәжірибесін кеңінен ғылыми ізденістерді және арнайы жобалар енгізу ісін жеделдетуді талап етеді.

Аумақтағы ертеде қорғалатын аймақтардың болғандығын қазіргі кездесетін топонимдерден байқауға болады. Қорық - қоныс (2), тау атауы ҚХР – мен шекарада (Тарб. ауд.), елді мекен, өзен атауы (Аягөз ауд.) Қалыбай және Ақтомар өзендерінің қиылысқан жерінде орналасқан және Сандықтас тауының оңтүстік батыс бөлігіне жетпей құрғап қалады. Қорықшар – атауын (Жарма ауд.) Шар өзенінің маңында қорғауға алынған аумақ деп топшылауға болады. Сондықтан табиғат қорғаудың халықтық түрі қазақ жерінде әлдеқайда ертеде қалыптасқанын аңғаруға болады. Аңшылық құрудың кезендері, уақыты, орманда аң аулаудың ережелері болған. Қазақ халқында табиғат оның нысандарын қорғау идеялары ертеден қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып беріліп, экологиялық мәдениеттің қалыптасуына біршама ықпал етті.

Көшпенді елдің өмірінде, шаруашылығында табиғаттың тепе теңдігін сақтауға маңызды кеңес беретін салт дәстүрлері де қалыптасқан. Олар қыстаудан жайлауға көшу барысында төрт түлік малды өріске жайып бағуда ерекше бір жүйеге келтірілген тәртіп, реттілік сақтап отырған. Соның өзі қоршаған ортаға оның ішінде өсімдіктің көп түрлерін сақтау, топырақ эрозиясын болдырмау әрекетін қалыптастырады.

Қоршаған ортаны қорғау халықаралық аренада приоритеттік мінезге ие болады, себебі, қоршаған ортамен тығыз өзара байланыстағы дамудың жаңа типіне көшуден Жер бетінде өмірді сақтап қалу сұрағының жауабын табамыз. Қазіргі заманда өмір сүріп жатқан жас ұрпақ әлемде етек алып жатқан экологиялық көзқарас пен экологиялық этиканың жаңа түрінің қалыптасуының куәгері болып отыр. Экологиялық тұрақты дамуға бағытталған экономикалық және саяси жағдайлар тек адамзаттың көзқарасын экологиялық бағытқа қарай қайта қарастырып орнатқан кезде ғана орын алады.

1948 жылы ЮНЕСКО бастамасымен халықаралық табиғат пен табиғи ресурстарды қорғау одағы құрылды. Бұл одақ 82 мемлекет, 111 мемлекеттік мекеме, 800-ге жуық мемлекеттік емес ұйым мен 181 мемлекеттен 10000-ға жуық ғалымдар мен эксперттердің басын біріктіріп отыр. Халықаралық табиғат пен табиғи ресурстарды қорғау одағының негізгі мақсаты:

Табиғаттың тұтастығы мен әртүрлігін сақтау үшін еңбектеніп жатқан әлем ұйымдарына демеу, көмек беру; табиғи ресурстарды ақылға қонымды және экологиялық тұрақты қолдануды ұйымдастыру.

Негізгі қызметі: табиғатты қорғау қызметінің жұмыс барысына мониторинг жүргізу;

Жергілікті ұйымдардың қолдануына арналған табиғатты қорғау талаптарын құрастыру;

Әр түрлі деңгейдегі жұмыстарға жоспарлар жасау; табиғатты қорғау аясында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың жұмыстарына демеу беру;

Халықаралық табиғат пен табиғи ресурстарды қорғау одағының желісі арқылы ақпараттарды тарату; консультациялық көмек көрсету.

1971 жылы ЮНЕСКО бастауымен «Адам және биосфера» (МАЕ) - «Programme Man and Biosphere» (МАВ) арнайы бағдарламасы қабылданды. Қазіргі уақытта ұйымда 195 мемлекет-мүше, 7 ассоциаланған мемлекет және 2 бақылаушы-мемлекет, сонымен қатар, 10 халықаралық бақылаушы-ұйым тіркелген. Лихтенштейнді есептемегенде, БҰҰ-ның барлық мемлекеттері ЮНЕСКО мүшесі болып табылады. БҰҰ мүшелік болумен салыстырғанда, ЮНЕСКО мүшесі болу үшін халықаралық аренада мойындалған мемлекет болу шарт емес. Осылайша, Кук аралы, Ниуэ және бақылаушы болып тіркелген жартылай мойындалған Палестина ЮНЕСКО мүшесі болып келеді.

Негізгі мақсаты: табиғи ресурстарды тиімді пайдалану облысында мамандарды дайындау, дисциплинааралық зерттеулер жүргізу;

Қоршаған ортаға негативті әсер ететін факторларды анықтау; ресурстарды рационалды зерттеуге әлемнің ғылыми потенциалын тарту; ғылыми проектер мен оқу бағдарламасын құрастыруға көмек көрсету.

Негізгі қызметі: негізгі проблемді бағыттарда проектерді құрастыру мен іске асыру, биоәртүрлілік пен экожүйенің жағдайына мониторинг жасау, табиғи ресурстарды тұрақты басқару, жерді игеру барысында әлеуметтік-мәдени және этникалық жақтардың интеграциясы, жерді қолдану саясатын қалыптастыру; биосфералық қорықтарды ұйымдастыру және оларды басқару, тақырыптық және географиялық белгілері бойынша әлемнің әр нүктесінен ғылыми желілерді ұйымдастыру.

Экологиялық білім беру жүйесі бойынша ынтымақтасудың бірден бір ұйымдастырушысы – ЮНЕСКО. Әлемде қоршаған ортаны қорғауға байланысты құрастырылып шығарылған және қазіргі уақытта іске асып отырған бірнеше заңнамалар жарық көрген. 1982 жылы БҰҰ конвенциясы негізінде теңіз құқықтарын растайтын құжат бекітілді. Ол бойынша, теңіз ортасы, әлемдік мұхит және олардың ресурстарын қорғау әр мемлекетке тапсырылып, міндеттелді. Қоршаған ортаны қорғау мәселесінің маңыздылығын қазіргі уақытта көптеген мемлекет түсініп, негізгі проблемалар қатарына қосып отыр. Мемлекеттердің осындай шешімге келуіне БҰҰ аясында жұмыс атқаратын халықаралық ұйымдардың жұмысы бірден бір себепкер болып табылады. Жұмысының ең негізгісі болып 1972 жылы құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта Жөніндегі Бағдарламасы (ЮНЕП) болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта Жөніндегі Бағдарламасы- Бас Ассамблеяның мемлекеттермен халықаралық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін халықаралық ұйым ретінде көмекші органы.

Қоршаған ортаны саласындағы бағдарламалардың қосымша қаржыландыруын жүзеге асыру мақсатында, 1973 жылы 1 қаңтарда ерікті ЮНЕП қоры ашылды. ЮНЕП-тің көптеген биологиялық Конвенциясына Қазақстан Республикасы 1994 жылдың қыркүйектен бері мүше. 1994 жылы қазанда Парижде жасалынған шөлге қарсы күрес Конвенциясына Қазақстан Республикасы да қол қойды. Қазіргі таңда Қазақстанның ЮНЕП - пен ынтымақтастық шеңберінде: Қоршаған орта қорғау жөніндегі дүниежүзілік қордың (ФГОС) қаржыландыруымен ЮНЕП-тің «Каспий» теңізінің биологиялық сан алуандығы және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арал және Каспий теңіздері жағдайлары жөніндегі халықаралық Конвенция жасау мәселелері қарастырылуда. Қазақстанда ЮНЕП - тің табиғатты қорғау жөніндегі Заңын шығару және экологиялық Заңдарын енгізу жұмыстары жүргізілуде. Ұйымның негізгі міндеттері:

- 1) Қоршаған орта сферасындағы халықаралық қатынастарды жақсарту және лайықты саясат ұсыну.
- 2) Қоршаған ортаның жағдайын көрсету.
- 3) Қоршаған ортаға байланысты ақпаратты жинап, тарату.
- 4) Қоршаған ортаның тұрақтылығы туралы аймақтық программаларды дамыту.
- 5) Мемлекет дәрежесіндегі қоршаған ортаны өндіруге керекті қуат пен технологиялық қолдаумен жабдықтау.
- 6) Халықаралық қоршаған орта заңдарын дамытуға көмектесу.
- 7) Қоршаған ортаға байланысты тұжырымдама мен құралдарды қолдануға және дамытуға керекті тәжірибелі ақылдармен жеткізіп отыру.

1982 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы табиғатты қорғау хартиясын бекітіп салтанатты түрде жариялаған болатын. Бұл хартияда табиғаттың негізгі үдерістері еш уақытта бұзылмауы керек, тірі ағзалардың генофонды мен өмірі қауіп астында болмауы керек, барлық тіршілік формалары әр уақытта белгіленген жоғары деңгейде сақталып тұруы керек делінген.

Халықаралық ұйымдардың экологиялық қауіпсіздікті сақтау стратегиясын сақтау жоспарын жасауда Рим клубы үлкен роль атқарады. Бұл мемлекеттік емес ұйым әлемнің әр түрлі мемлекеттерінен 100-ге жуық мүшені біріктіреді: кәсіпкерлер, саясаткерлер, эксперттер, ғылым мен өнер ағартушылары. Бұл ұйым 1968 жылы «Оливетти» компаниясының вице – президенті Аурелио Печчеидің бастамасымен құрылған болатын. Клуб өзінің негізгі принципі ретінде клуб аясында құрылатын бағдарламалардағы « идея мен тұжырымның тәуелсіз және кең қаралу методын» алып отыр. Клубтың «Адамзаттың тап болған қиын жағдайы», «Өсу шегі», «Бейберекеттік ғасырынан тыс» және басқа да зерттеу жұмыстары бүкіл әлемде мойындалды.

Әрине, бұл жерде мен БҰҰ жүйесіндегі барлық халықаралық ұйымдар туралы мағлұматтарды бермедім, бұл жеке тақырып болып қала береді. Мен тек, жұмыс істеу, зерттеу аясы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, соның ішінде, ұлттық саябақтарға келетін ұйымдарды мысқаға келтірдім. Алайда, бұл ұйымдардың қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлестерін кемсіту мүмкін емес, дәл осы ұйымдардың бастамасымен талай фондтар, қоғамдар құрылған болатын. Және бұл ұйымдар ең ауқымдылардың қатарына жатады, себебі, бұл ұйымдар БҰҰ-на мүше мемлекеттерді біріктіреді.

Алайда, айтылған ұйымдар бүкіл әлем бойынша болып жатқан табиғаттағы өзгерістерді бақылап отыра алмайды. Сондықтан бақылау мен мониторинг жүйесі құрылған. Мысалға, Халықаралық қоршаған орта мониторинг орталығы – World Conservation Monitoring Centre (WCMC). Құрылу жылы -1981 жыл. Негізгі мақсаты: ғылыми зерттеулер мен анализдерге сүйеніп отырып жасалған толық және заманауи ақпаратты ұсыну арқылы қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларын демеп, тұрақты дамыту. Негізгі қызметі: жойылу қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктердің базасын қалыптастыру; ұлттық саябақтар құру кезінде қолдау көрсету; халықаралық желі арқылы толық ақпараттар алуға мүмкіндіктер беру.

Табиғатты қорғаудың халықаралық одағы Ұлттық саябақтарды ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың екінші категориясына жатқызады, бірінші категорияда – қорықтар.

Ұлттық саябақтарды құрудың әлемдік тарихын зерттей келе, осындай объекті ашудың негізгі үш тенденциясын атап өтуге болады:

1) Ұлттық саябақты арнай туристік мақсатқа арнап ашу. Солтүстік Америка мемлекеттерінде ашылған ұлттық саябақтар дәл осы мақсатқа, тенденцияға сүйене отырып ашылған. Мысалға, Иеллоустоун Ұлттық саябағы (АҚШ), Банф ұлттық саябағы (Канада) негізгі мақсаттары.

2) Туристік маршруты бұрынна қалыптасқан аймақтарға ұлттық саябақ статусын беру арқылы құру. Аталған аймақта ұлттық саябақты құру факті табиғи қорғау шараларын қажет ететін ерекше табиғат жағдайларының анықталуымен түсіндіріледі. Осындай тенденция Еуропа Ұлттық саябақтарына тән болып келеді (мысалға, Бавария Орманы ұлттық саябағы (Германия мен Чехия шекарасында).

3) Ерекше қорғалатын табиғи аумақты тек ғылыми және табиғатты қорғау мақсатында құрып, кейіннен аймаққа туристерді кіргізу үшін, ұлттық саябаққа айналдыру. Мысалға, «Жигулевский» қорығы мен «Самарская Лука» ұлттық саябағы.

Ұлттық саябақтарда туризм дамуына «экотуризм» түсінігі тығыз байланысты. Оның мағынасын ашып, түсіндірген кезде көптеген нюанстар кездеседі. Біздің ойымызша, ең дұрыс анықтаманы Дүниежүзілік туристік ұйым береді: «Экотуризм - [туризмнің](#) жаңа шыққан түрлерінің бірі; сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажетсінулер ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін [туризм](#) саласы. [Экологиялық түрғыдағы](#) қорнекті орындарды (ұлттық [саябақтарды](#), табиғат ескерткіштерін, табиғат қорғау проблемалары неғұрлым оңтайлы шешілген аумақтарды, [экологиялық ұйымдардың](#), «жасылдар» қозғалысының бұқаралық шараларына қатысу, аралап қору қоса жоспарланған [саяхат](#) болып табылады. Оған [экологиялық білім](#) беру және ағарту элементтері міндетті түрде қамтылады.

Туризмнің бұл түрінің пайда болуының басты ерекшелігі, ол осы экологиялық туризмнің тұрақты даму концепциясының арқасында әлемдегі табиғи ортаны қорғауға кететін шығын мөлшерінің бірнеше есе азаюы. Жер шарындағы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар экологиялық орталықтар, туристік фирмалар қоғамға қоршаған ортаға зиян келтіруіне төтеп беру жолдарын ізейді. Сонымен қатар жануарлар әлемін қорғау проблемасы туындайды. Осы проблемалардың шешу жолдарын біріктіретін экологиялық туризм болды [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) 2002 жылды Халықаралық экотуризм жылы деп жариялады. Сол жылы мамыр айында Квебек провинциясында (Канада) Дүниежүзілік экотуризм саммиті өтті. Осы саммитке дайындық барысында Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық конференциялар мен семинарлар өткізу инициативасын ұсынды. Соған байланысты Алматы қаласында (Қазақстан) «Экотуризм – ХХІ ғасырдағы ТМД, Қытай және Моңғолия елдерінің өтпелі экономикаларының тұрақты даму құралы» атты, 2001 жылы қазан айында, семинары өтті.

БҰҰ-ның Генералды ассамблеясы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, халықаралық бірлестіктерді, даму агенттіктерін және әр туристі, экотуризм тұрақты дамудың маңызды факторына айналу үшін, қосымша көмегін тигізуге шақырады, себебі ол қоршаған ортаның биологиялық әртүрлілігі мен жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтауға жағымды ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанды экологиялық туризмнің дамуы үшін жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады. Биологиялық және геологиялық әртүрлілік, халықтың минималды тығыздығы, бай тарихи және мәдени мұра республиканың өте зор экотуристік потенциалын айқындайды.

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен

бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатынын айта кетуіміз керек.

Орнитолог, археолог және көркем өнерпаздар сияқты ғылыми қызығышулығы бар туристерді қанағаттандыруға арналған экологиялық туризмге қарағанда рекреациялық туризм өзі қажет ететін қонақжай комплекстерімен, спорттық қарулануымен нәзік экожүйелерге көбірек зардабын тигізеді.

Экологиялық туризмнің объектілері табиғи аймақтар, тарихи ескерткіштер, ғылыми және білім беруде қолданылатын мәдени және архитектуралық ескерткіштер болып табылады. Бұл экологиялық туризмнің жан-жақты болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның табиғи климаттық зоналары (жеке шөлді аймақтар, таулы аймақтар) спорттық және ғылыми бағытта экологиялық туризмнің ерекше формасы «экстремалды туризмді» дамытуға мүмкіндік береді. Бұл адам аяғы баспаған және адам өмір сүруге бейімделмеген аймақтарға экстремалды жағдайларда тіршілік ету және өзін-өзі ұстау стратегиясын қалыптастыру мақсатында саяхат жүргізу. Айта кетерлік жағдай, экологиялық туризмді дамыту үшін әр түрлі табиғи ресурстар қажет. Дәл осы жағдай туризмдік жұмыстардың территориялық аймағын және олардың қай бағытта жүруін анықтайды.

Ұлттық саябақтар туризм дамуы үдерісіне келесі салалар арқылы әсер ете алады:

- Сәйкес инфрақұрылым дамуына жағдай жасау арқылы;
- Ұлттық саябақтар ұсынып отырған туристік құрылымға кәсіби тұрғыдан қарау;
- Қонақжайлылық және келген туристерге жоғары деігейде қызмет көрсету;
- Жергілікті тұрғындардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру, коммерциялық құрылымдармен, және жергілікті мемлекеттік органдармен байланысын арттыру [3].

Ұлттық саябақтардың қорықтардан және кәдімгі демалыс саябақтарының ерекшеліктеріне келетін болсақ, қорықтарда адам демалысы болмайды, бірақ адам баласы табиғаттың ерекшеліктерін көре алады. Қорықтар негізінен азайып немесе жойылып бара жатқан түр популяциясын сақтау міндетін көздейді. Ал кәдімгі демалыс, сауық – сайран саябақтарында адам баласы демала алады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Горкин А.П. Современная иллюстрированная энциклопедия.- М:Эверо. 2006. 169 с.
2. Биологическое и ландшафтные разнообразие Республики Казахстана.- Алматы: 1997-120 с.
3. Гвоздецкий. Н.А., Николаев. В.А. Қазақстан. Очерк природы. – Алматы. Мысль. 2003. 64 б.

УДК 338.48

#### **ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ**

**Бакиева Анэль, Рыспаева Адиля**

*anellovely@mail.ru*

студентки гр. ТУР-14, специальности «Туризм» экономического факультета ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева

Научный руководитель - Омарова К.А

Казахстан - молодое независимое государство, вставшее на дорогу развития после распада СССР. Республика Казахстан находится в центре Азии и сотрудничает со многими странами мира. Занимает лидирующие места (9 место) по экспорту зерна (статистика на 2012 г) [1].